26.06.2024-ғы № 11-12/2799 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 31 мамырдағы
№ДС-242 сұрау салуға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Түркістан облысының Кентау, Арыс моноқалаларын дамытуға және Кентау қаласының экологиялық жағдайына қатысты сұрау салуларыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Кентау қаласының жылу желілеріне қатысты

2023 жылы «Түркістан облысы Кентау қаласындағы № 5 ЖЭО магистральдық жылу желілері мен 4 сорғы станциясын реконструкциялау» жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен **3,9 млрд теңге** бөлінді. Бүгінгі күні **6,6 км жолдың шамамен 4,7 км** жөнделді, бұл ретте ағымдағы жылы осы жобаны аяқтауға республикалық бюджеттен қосымша **200 млн теңге** бөлінді.

Бұған қоса, Түркістан облысының әкімдігі *(бұдан әрі – Әкімдік)* ағымдағы жылға «Түркістан облысы Кентау қаласының магистральдық желілерін реконструкциялау» *(жалпы құны – **6,8 млрд теңге**)* **қосымша жобасын** іске асыруға **2 млрд теңге** сомасына *(2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылауға)* бюджеттік өтінім ұсынды, оның шеңберінде ұзындығы **14,5 км** желіні реконструкциялау көзделген.

Осы жобаны қаржыландыру мәселесі 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

Кентау қаласында балалар ойын алаңдар абаттандыруға қатысты

Әкімдік жалпы құны **2,8 млрд теңге 33 балалар алаңын** салуға жобалау-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптама қорытындысын алған.

Сонымен қатар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа, оның ішінде көпқабатты үйлердің тұрғын үй аулаларында балалар алаңдарын салуға арналған шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Әкімдік осы бағытта жұмыс жүргізуде.

27.06.2024 Копия электронного документа.

Кентау және Арыс қалаларын табиғи газға қосуға қатысты

Кентау қаласы Хантағы ауылын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін қаланы жылумен қамтамасыз етуге арналған жеткізуші газ құбырының құрылысы жүргізілуде.

Сонымен қатар жеткізуші газ құбырының құрылысын аяқтау үшін ағымдағы жылы әкімдік **1,1 млрд теңге** сомасына бюджеттік өтінім жолдады.

Кентау қаласы Байылдыр және Қарнақ ауылдарын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін «Түркістан облысы Кентау қаласы Байылдыр ауылында орамішілік газ құбырын салу *(түзету)*» *(жобаның құны **426 млн теңге)*** және «Түркістан облысы Кентау қаласы Қарнақ ауылында орамішілік газ құбырын салу *(түзету)*» *(жобаның құны **4,7 млрд теңге)*** жобаларына мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды.

Аталған жобаларды қаржыландыру мәселесі 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

Сонымен қатар 2023-2024 жылдары Арыс қаласына қарасты ауылдарды табиғи газға қосу жөнінде **4 жобаны** іске асыруға республикалық бюджеттен **1,5 млрд теңге** бөлінді *(оның ішінде: 2023 жылы – **919,9 млн теңге**, 2024 жылы – **594,5 млн теңге**)*.

Тұрғын үй құрылысына және ЖТҚ арналған жерлерге тиісті инфрақұрылым жүргізуге қатысты

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына *(бұдан әрі – Тұжырымдама)* сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты шеңберінде әлеуметтік тұрғын үй объектілерін салуды және уақтылы іске қосуды ынталандыру үшін тұрғын үй құрылысының жаңа аудандарында электрмен жабдықтау жүйелерін *(оның ішінде 10/0,4 кВ қосалқы станцияларды)*, жылумен жабдықтауды, сумен және газбен жабдықтаудың инженерлік желілерін *(елді мекендердің шекараларын (шектері) шегінде)*, су бұру *(кәріз)*, телефондандыруды, инженерлік құрылыстарды, абаттандыруды және орамішілік жолдарды қамтитын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысы қаржыландырылатын болады.

Тұжырымдама шеңберінде тұрғын үйді өткізу және мониторинг жүргізу тәртібі мен талаптарын айқындайтын шарт негізінде коммуникациялар жүргізген кезде жеке құрылыс салушының тұрғын үй объектілеріне *(абаттандыруды қоспағанда)* сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен норматив бойынша әлеуметтік мақсаттағы тұрғын көлемінің кемінде **50 %-ы** іске асырылатын болады.

2024 жылы Түркістан облысында аталған мақсаттарға **8,1 млрд теңге**, оның ішінде Кентау қаласында Южный шағын ауданы аумағында **252,3 млн теңге** сомасына **55,5** гектарға электрмен жабдықтау желілерін салу көзделген.

Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекендердің аумақтарын төтенше экологиялық жағдай және дағдарыс алдындағы экологиялық жағдай аймақтары деп тануға қатысты

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына *(бұдан әрі – Арал өңірі туралы заң)* сәйкес экологиялық қасіретке ұшыраған аумақтардың шекаралары белгіленген.

«Кентау қаласы мен іргелес елді мекендердің қоршаған ортасының жай-күйін және халықтың денсаулығын кешенді бағалау» жобасының мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына *(2024 жылғы 26.02. № KZ34VCY02544364)* сәйкес зерттелетін аумақтың бір бөлігін дағдарыс алдындағы экологиялық жағдай аймағы *(Кентау қаласының аумағы (оның ішінде Бүргем елді мекені) және оған іргелес Ащысай, Хантағы, Баялдыр, Қарнақ ауылдары (оның ішінде Күшата және Шаштөбе елді мекендері)*, ал басқа бөлігін төтенше экологиялық жағдай аймағы *(солтүстіктен Кентау қаласына іргелес (өнеркәсіптік аймақ)* деп тану туралы ұсыныс берілді.

<u>Анықтама ретінде</u>: *Кентау қаласының (оның ішінде Бүргем елді мекенінің) және оған іргелес Ащысай, Хантағы, Байылдыр, Қарнақ ауылдарының (оның ішінде Күшата және Шаштөбе елді мекендерінің) аумақтарын дағдарыс алдындағы экологиялық жағдай аймақтары деп тану үшін Арал өңірі туралы заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.*

Қазіргі уақытта әкімдік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп кейіннен Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін қаржылық-экономикалық есептеулер мен негіздемелер дайындауда.

Арыс қаласын ауызсумен жабдықтау және кәріз желілерін реконструкциялауға қатысты

Арыс қаласы Тараз тұрғын ауданында кәріз желілерін салу үшін ағымдағы жылы республикалық бюджеттен **500 млн теңге** бөлінді *(жобаның жалпы құны **882,4 млн теңге**)*. Сондай-ақ Әкімдік қосымша **239,9 млн теңге** сомасына бюджеттік өтінім жолдады.

Бұдан басқа, Арыс қаласын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бойынша **11 жобаға** *(жобалардың жалпы құны **1,6 млрд теңге**)* мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды, оларды іске асыруға **1,4 млрд теңге** сомасына бюджеттік өтінім жолданды.

Осылайша, аталған жобаларды қаржыландыру мәселесі 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

Өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қатысты

Қазіргі уақытта өңірлерді, оның ішінде моноқалаларды дамыту мәселесі интеграцияланған іс-шаралар мен көрсеткіштер ескеріле отырып, тұжырымдамалар, аумақтарды дамыту жоспарлары және мемлекеттік органдардың операциялық жоспарлары шеңберінде іске асырылуда.

Бүгінгі күні моноқалалардың экономикасын әртараптандыру және экономиканың шикізаттық емес секторларында балама өндірістер құру шеңберінде облыстардың әкімдіктері **10 мыңнан** астам **жұмыс орнын** құра отырып, жалпы сомасы **1,4 трлн теңгеге** *(жеке инвестициялар)* **41 «зәкірлік»**

жобаны, оның ішінде Кентау қаласында жалпы сомасы **2 млрд теңгеден** асатын **2 жобаны** іске асыруда.

Үкімет жыл сайын тиісті бюджеттік бағдарламалар шеңберінде инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобаларды қаржыландырып отырады.

Мәселен, 2023 жылы моно, шағын қалаларды дамыту жөніндегі бюджеттік кіші бағдарламалар шеңберінде республикалық бюджеттен **45 жобаны** іске асыруға **22,5 млрд теңге**, оның ішінде Кентау қаласында **1 жобаны** іске асыруға **529,2 млн теңге**, Арыс қаласында **6 жобаны** іске асыруға **1,3 млрд теңге** бөлінді.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеберінде 2023 жылы республикалық бюджетті нақтылау ескеріле отырып, Түркістан облысында **79 жобаны** *(оның ішінде 2024 жылға өтетін 23 жобаны)* іске асыруға, оның ішінде Бәйдібек ауданы мен Арыс қаласының іргелес ауылдарына *(инженерлік инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік объектілер салу)* **14,4 млрд теңге** бөлінді.

Ағымдағы жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде Түркістан облысында **39 жобаны** іске асыруға, оның ішінде Бәйдібек ауданы мен Арыс және Кентау қалаларының іргелес ауылдарына *(инженерлік инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік объектілер салу)* **11,1 млрд теңге** бөлінді.

Осыған байланысты моноқалаларды дамыту бойынша жеке бағдарламаны әзірлеудің, оның ішінде Моноқалаларды дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны қайта бастаудың қажеттілігі жоқ деп санаймыз.

Жалпы, жоғарыда аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында және оларды шешу бойынша жұмыс одан әрі жалғасатын болады.

О. Бектенов

26.06.2024-ғы № 11-12/2799 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На запрос №ДС-242
от 31 мая 2024 г.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно развития моногородов Кентау, Арысь и экологической ситуации города Кентау Туркестанской области, сообщаю следующее.

Касательно тепловых сетей города Кентау

В 2023 году на реализацию проекта «Реконструкция магистральных тепловых сетей и 4 насосных станций ТЭЦ № 5 города Кентау Туркестанской области» из республиканского бюджета было выделено **3,9 млрд тенге**. На сегодня отремонтировано порядка **4,7 км** из **6,6 км**, при этом в текущем году на завершение данного проекта из республиканского бюджета дополнительно выделено **200 млн тенге**.

Вместе с тем акиматом Туркестанской области *(далее – Акимат)* на текущий год представлена бюджетная заявка на сумму **2 млрд тенге** *(на уточнение республиканского бюджета на 2024 год)* на реализацию **дополнительного проекта** «Реконструкция магистральных сетей города Кентау Туркестанской области» *(общая стоимость – **6,8 млрд тенге**)*, в рамках которого предусмотрена реконструкция сетей протяженностью **14,5 км**.

Вопрос финансирования данного проекта будет рассмотрен в установленном порядке при уточнении республиканского бюджета на 2024 год.

Касательно благоустройства детских игровых площадок в городе Кентау

Акиматом получено заключение государственной экспертизы к проектно-сметной документации на строительство **33 детских площадок** общей стоимостью **2,8 млрд тенге**.

Вместе с тем финансирование расходов на жилищно-коммунальное хозяйство, в том числе на строительство детских площадок в жилых дворах многоэтажных домов, осуществляется за счёт местного бюджета в соответствии

27.06.2024 Копия электронного документа.

с подпунктом 5) пункта 1 статьи 56 Бюджетного кодекса Республики Казахстан.

Акиматом ведется работа в данном направлении.

Касательно подключения к природному газу городов Кентау и Арысь

Для обеспечения природным газом села Хантаги города Кентау ведется строительство подводящего газопровода для теплоснабжения города.

Между тем для завершения строительства подводящего газопровода в текущем году акиматом направлена бюджетная заявка на сумму **1,1 млрд тенге.**

Для обеспечения природным газом сел Байылдыр и Карнак горада Кентау получены заключения госэкспертизы проектов «Строительство *(корректировка)* внутриквартального газопровода в селе Байылдыр города Кентау Туркестанской области» *(стоимость проекта **426 млн тенге**)* и «Строительство *(корректировка)* внутриквартального газопровода в селе Карнак города Кентау Туркестанской области» *(стоимость проекта **4,7 млрд тенге**)*.

Вопрос финансирования указанных проектов будет рассмотрен в установленном порядке при уточнении республиканского бюджета на 2024 год.

Вместе с тем на реализацию **4 проектов** в 2023-2024 годы по подключению к природному газу сел, относящихся к городу Арысь, из республиканского бюджета выделено **1,5 млрд тенге** *(из них: в 2023 году – **919,9 млн тенге**, 2024 году – **594,5 млн тенге**)*.

Касательно строительства жилых домов и подведения соответствующей инфраструктуры к землям под ИЖС

Согласно Концепции развития жилищно-коммунальной инфраструктуры на 2023 – 2029 годы *(далее - Концепция)* для стимулирования строительства и своевременного ввода объектов социального жилья в новых районах жилищной застройки за счет средств республиканского и местных бюджетов будет финансироваться строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры, включающей системы электроснабжения *(в том числе подстанции 10/0,4кВ)*, теплоснабжения, инженерных сетей водо-, газоснабжения *(в пределах границ (черты) населенных пунктов)*, водоотведения *(канализации)*, телефонизации, инженерных сооружений, благоустройства и внутриквартальных проездов.

В рамках Концепции при подведении коммуникаций на основании договора, определяющего порядок и условия реализации жилья и проведения мониторинга к объектам жилья частного застройщика *(за исключением благоустройства)*, будет реализовываться не менее **50 %** объема жилья для социального назначения по нормативу, утвержденному уполномоченным органом в области архитектурной, градостроительной и строительной деятельности.

В 2024 году в Туркестанской области на указанные цели предусмотрено **8,1 млрд тенге**, в том числе в г. Кентау на строительство сетей электроснабжения на территории микрорайона Южный на **55,5** гектар в сумме **252,3 млн тенге**.

Касательно признания территорий города Кентау, прилегающих к нему населенных пунктов зонами чрезвычайной экологической ситуации и экологического предкризисного состояния.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие экологического бедствия в Приаралье» *(далее – Закон о Приаралье)* установлены границы территорий, подверженных экологическому бедствию.

Согласно заключению государственной экологической экспертизы проекта «Комплексная оценка состояния окружающей среды и здоровья населения города Кентау и прилегающих населенных пунктов» *(№ KZ34VCY02544364 от 26.02.2024 года)* дана рекомендация о признании части изучаемой территории зоной экологического предкризисного состояния *(территории г.Кентау (в т.ч. населенного пункта Бургем) и прилегающих к нему сел Ачисай, Хантаги, Баялдыр, Карнак (в т.ч. населенных пунктов Кушата и Шаштобе)*, а другой части зоной чрезвычайной экологической ситуации *(прилегающую к городу Кентау с севера (промышленная зона)*.

Справочно: *для признания территорий города Кентау (в том числе населенного пункта Бургем) и прилегающих к нему сел Ачисай, Хантаги, Байылдыр, Карнак (в том числе населенных пунктов Кушата и Шаштобе) зонами экологического предкризисного состояния необходимо внести соответствующие изменения и дополнения в Закон о Приаралье.*

В настоящее время акиматом совместно с заинтересованными госорганами готовятся финансово-экономические расчеты и обоснования для последующего внесения на рассмотрение Республиканской бюджетной комиссии.

Касательно реконструкции сетей питьевого водоснабжения и канализации города Арысь

Для строительства канализационных сетей в жилом районе Тараз города Арысь в текущем году из республиканского бюджета выделено **500 млн тенге** *(общая стоимость проекта **882,4 млн тенге**)*. Также акиматом дополнительно направлена бюджетная заявка на сумму **239,9 млн тенге.**

Кроме того, получено заключение государственной экспертизы на **11 проектов** по обеспечению качественной питьевой водой города Арысь *(общая стоимость проектов **1,6 млрд тенге**)*, на реализацию которых направлена бюджетная заявка на сумму **1,4 млрд тенге.**

Таким образом, вопрос финансирования указанных проектов будет рассмотрен в установленном порядке при уточнении республиканского бюджета на 2024 год.

Касательно государственной программы по развитию регионов на 2020-2025 годы

В настоящее время вопрос развития регионов, в том числе моногородов, реализуется в рамках концепций, планов развития территорий и операционных планов государственных органов с учётом интегрированных мероприятий и показателей.

На сегодня в рамках диверсификации экономики моногородов и создания альтернативных производств в несырьевых секторах экономики акиматами областей реализуется **41 «якорный» проект** на общую сумму **1,4 трлн тенге** *(частные инвестиции)* с созданием более **10 тыс. рабочих мест,** в том числе в городе Кентау - **2 проекта** на общую сумму более **2 млрд тенге**.

Правительством ежегодно финансируются проекты по развитию инженерной и транспортной инфраструктуры в рамках соответствующих бюджетных программ.

Так, в 2023 году в рамках бюджетных подпрограмм по развитию моно, малых городов из республиканского бюджета выделено **22,5 млрд тенге** на реализацию **45 проектов,** в т.ч. **529,2 млн тенге** на реализацию **1 проекта** города Кентау, **1,3 млрд тенге** на реализацию **6 проектов** в городе Арысь.

В рамках проекта «Ауыл – Ел бесігі» в 2023 году с учетом уточнения республиканского бюджета на реализацию **79 проектов** *(в т.ч. 23 проекта, переходящие на 2024 год)* Туркестанской области выделено **14,4 млрд тенге**, в т.ч. на Байдибекский район и близлежащие села города Арысь *(развитие инженерной инфраструктуры и строительство социальных объектов)*.

В текущем году в рамках проекта «Ауыл – Ел бесігі» на реализацию **39 проектов** Туркестанской области выделено **11,1 млрд тенге**, в т.ч. на Байдибекский район и близлежащие села городов Арысь и Кентау *(на развитие инженерной инфраструктуры и строительство социальных объектов)*.

В этой связи считаем, что необходимость разработки отдельной программы по развитию моногородов, в том числе возобновления Государственной программы по развитию моногородов на 2020 – 2025 годы, отсутствует.

В целом вышеуказанные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства и дальнейшая работа по их решению будет продолжена.

О. Бектенов